

Ойыл ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 46 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 сәуірде № 3-11-108 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық әкімдігінің 2012.09.04 № 181 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-5, 5-6 тармақшаларына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның кәсіпорындарында және ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 0,3 пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қазыбаева жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы: **Ш.Тлеумағанбетов**